



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

«03» 09 2025 жыл № 911
Астана қаласы

город Астана

**Қауіпсіздікті қамтамасыз
ету туралы**

Астана қаласы Білім басқармасының 2025 жылғы 3 қыркүйектегі
№1988 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектеп оқушыларының өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын
қамтамасыз етудің алдын-алу іс-шаралары ұйымдастырылсын:

- балалар арасында жазатайым оқиғаларды болдырмау мақсатында
(әсіресе қысқы және жазғы кезеңде), оның ішінде сауда-ойын-сауық
орталықтарында, ойын алаңдарында болуы кезінде, экскурсиялық іс-
шараларды өткізу кезінде тұрақты негізде профилактикалық әңгімелер,
құқықтық лекториялар, тақырыптық жиындар, сынып сағаттары, акциялар,
онкүндіктер, викториналар, байқаулар, көшеде, жолда қауіпсіз жүріс-тұрыс,
мұз айдынында, су қоймалары, қанашұңқырлар мен траншеялардың жанында
ойындарға жол бермеу бойынша әртүрлі ойын түрлерінде қауіпсіздік
техникасы бойынша нұсқаулықтар беріп, сонымен қатар, Төтенше жағдайлар
және Полиция бөлімдерінің қызметкерлерімен кездесулер өткізу қажет.
Балалар мен олардың ата-аналары үшін балаларды қараусыз қалдыруға жол
бермеу туралы ақпараттық стендтерді ресімдеу және т.б.

- оқушылардың күзгі, қысқы, көктемгі және жазғы каникулға
шығатындығын ескере отырып, демалыс кезеңінде балалардың қауіпсіздігін
қамтамасыз ету бойынша тиісті шараларды қабылдау;

- каникул алдында мектепте кеңейтілген ата-аналар жиналысын өткізіп,
қауіпсіздік тұрғысында түсіндіру шараларын жүргізу;

- оқушылардың демалыс кезеңіндегі бос уақыттарын ұйымдастырудың
жоспары бекітілуі қажет;

- қолайсыз отбасылардағы балалардың жағдайын жіті бақылауда ұстау;

- педагог-психологтар қиын өмірлік жағдайдағы балаларды дер кезінде
анықтап, психологиялық көмек көрсетуі керек;

- алдын алу есептегі және «қауіпті тобындағы» оқушылар қолайсыз
және толық емес отбасылардан шыққан балалармен жұмысты ерекше назарға
алу қажет.

Мерекелік іс-шараларды өткізу кезінде (1 маусым, 1 қыркүйек, Жаңа жыл және т.б.) балалардың қауіпсіздігіне ерекше назар аударылсын:

- мерекелік іс-шараларлы өткізуге жауапты тұлға тағайындап, техникалық қауіпсіздік ережелерінің сақталуына бұйрық шығарылсын;

- іс-шара кезінде ешқандай резонансқа жол бермеу;

- оқушылар өткізілген мерекелік шаралардың әрбір кезеңінен кейін жауапты мамандар бөлмелердік мұқият қарап, электр құралдарын сөндіріп, кезекшілікті келесі қызметкерлерге уақтылы хабарлансын;

- сынып жетекшілер балалар арасында тез тұтанатын жанғыш, жарылғыш заттардың адам өміріне қауіпті екендігіне түсіндірме жұмыстар жүргізіп, жадынама таратылсын;

- балаларды қалалық іс-шараларға автобуспен тасымалдау кезінде сақтық шаралары: ұйымдасқан түрде мектептен апару, кері қайтару, автобус қозғалысы кезіндегі баланың жеке тұлға ретінде жауапкершілігі, жауапты мұғалімнің жауапкершілігі, санитарлық-эпидемиологиялық нормалардың ережесі қатаң сақталсын;

- оқушылардың қыс мезгіліндегі ауа райының суықтығын (*қарлы жел, бұрқасын, ауа райының күрт төмендеуі*), сонымен қатар, жаз мезгіліндегі ауа райының ыстықтығын (*ыстық жел, ауа райының күрт өзгеруі*) ескеріп, жеке басының денсаулығына назар аударып, сақтық шараларын қамтамасыз ету;

- оқушылардың қысқы және жазғы демалыс уақытында қаладағы, қала аумағынан тыс жерлерге барғанда, заңсыз ұйымдастырылған шараларға қатысуға тиым салынатындығын ескертіп, жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету қатаң тапсырылсын;

- жазғы маусым кезінде мектеп жанындағы лагерь ұйымдастырған жағдайда, оқушылармен бірге жорық, сол сияқты кез келген маусымдық іс-шара (*ашық және бассейнге апару*) өткізілген уақытта оқушылар ата-аналарымен сақтау шаралары туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, әрбір оқушының қатысуына рұқсат берілген қолхаты мен келісімі жазбаша түрде алынсын;

- оқушыларға жеке басының жауапкершілігін сақтамау шаралары, яғни, жалған *қоңырау соғу, ғимарат ішіндегі өрт дабыл нүстесін басу*, заңсыз ұйымдастырылған шараларға қатысу заңмен жауапкершілікке тартылғандығы қатаң ескертілсін;

- кәмелетке толмағандар арасындағы қылмысты анықтау мақсатында әлеуметтік желілерде тұрақты бақылау жұмыстарын жүргізу;

- бұзушылық анықталған кезде әрекет алгоритмі бойынша әрекет ету:
Анықтау → Тіркеу → Хабарлау → Жауап → Алмасу
Шараларды қолдану → Есеп беру;

- хабарлама алғаннан кейін кәмелетке толмағандар туралы сипаттамалық материалдарды жинау: ата-аналарды хабардар ету, қажет болған жағдайда психологиялық және басқа да көмек көрсету үшін қорғаншылық органдары мен Психологиялық қолдау орталығы мамандарын жіберу және т.б.;

- жоғарыда аталған тапсырмалардың орындалуын қадағалау, оқушылардың мерекелік іс-шаралар кезіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауаптылық директордың тәрбие жөніндегі орынбасары К.К. Сулекеевке жүктелсін;

- жоғарыда аталған тапсырмалардың орындалуы барысында мектепте келеңсіз оқиға туындап, жауапсыздық танытылса, директордың тәрбие жөніндегі орынбасары К.К. Сулекеевке қатаң шара қолдансын;

- төтенше жағдай туындаған кезде «101» нөмірі арқылы өртке қарсы қызметкер, «109» нөмірі арқылы «iKomek» жедел әрекет ету және мониторингілеу орталығына, балалардың құқықтарын бұзудың алдын алу және зорлық-зомбылықты болдырмау мақсатында отбасы, әйелдер және балалар мәселелері бойынша «111» бірыңғай мемлекеттік байланыс орталығына, «112» жедел атқару қызметіне, балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жедел әрекет ету және жедел көмек көрсету бөлігінде «Жедел әрекет етудің мониторингтік тобы» чатына, сынып жетекшілерге, Білім басқармасының басшысына тікелей хабарлансын.

2. Қауіпсіздік тақырыбындағы өткізілген іс-шаралар туралы ақпаратты жинақтауын директордың тәрбие жөніндегі орынбасары К.К. Сулекеевке жүктелсін.

3. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директордың міндетін
уақытша атқарушы



А.Е. Сармантаева